

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№104 (9166)

1953

ЖЫЛҒЫ

26

май

Сейсенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Әрбір колхозда балалар яслиі ашылатын болсын

СОКП XIX съезінің СССР-ы өркендету-дің 1951-1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында балалар яслилерін арттырып, олардағы орындардың санын 20 процент көбейту қарастырылып отыр. Мемлекетіміз балалар яслилерін ұстауға, жаңадан ясли үйлерін салуға жыл сайын көптеген қаржы, азық-түлік бөліп отырады. Сонымен бірге, колхоз балалар яслиін ашу үшін колхоздар мыңдаған сом қаржы жұмсап отыр. Мұның өзі біздің елімізде ана мен балаға деген қамқорлықтың, жұмысшы және шаруа әйелдердің қоғамдық еңбекке белсене қатысуы үшін жасалған жағдайдың айқын бір айғағы болып саналады.

Көзір еліміздің еңбекшілері бесінші бесжылдық жоспарда алға қойылған міндеттерді аброймен орындау үшін бұрын-соңды болып көрмеген жігермен қажырлы еңбек етуде. Колхозшы шаруалар қоғамдық еңбекке белсене қатысу арқылы егіннен тұрақты мол өнім алу, егін және мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру ісіне келелі үлес қосу үшін күресуде. Колхозшы әйелдер қоғамдық еңбекке ерлермен бірдей қатысып, өздерінің колхозда зор күш екендігін іс жүзінде көрсетіп отыр.

Әйелдердің қоғамдық еңбекке толық және белсене қатысуын қамтамасыз етуде балалар яслилерінің атқаратын ролі өте-өте зор. Яғни колхоздарда балалар яслилерін ұйымдастыру әйелдердің колхоз өндірісінде алаңсыз еңбек етуіне зор мүмкіндік туғызады.

Колхоз балалар яслилерінің атқаратын роліне жете маңыз берілген жерлерде тұрақты немесе маусымдық балалар яслилері ұйымдастырылып, колхоздардың басқармалары тарапынан олардың біркелкі жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасалуда. Олардың қатарына Ленин ауданындағы «Славянка», Преснов ауданындағы «Сталин жолы», Абай атындағы, Прешіп ауданындағы «Путь Октября» колхоздарын қосуға болады. «Путь Октября» кол-

хозындағы ірі колхоздардың бірінен саналады. Мұнда 3 дала бригадасы бар. Бірақ, осы бригадалардың бірде-біреуінде балалар яслиінің болмауы таңқаларлық іс. Көзір колхоздардың өмірінде ең жауапты кезең — егінді баптап күту, мал азығын дайындау, төл алу, қой қырку, мал шаруашылығы өнімдерін дайындау жұмыстарының қызу кезеңі туды. Міне, шаруашылықтың бұл салаларында алда тұрған міндеттердің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз ету үшін колхозшы әйелдер еңбекке неғұрлым көп қатыстырылып, олардың өнімді еңбек етуіне қолайлы жағдай туғызылуы қажет. Ол үшін ең алдымен әрбір колхозда, әрбір бригадада балалар яслиі ұйымдастырылуға тиіс.

Балалар яслиі — ана мен балаға, әйелдерге, әйелдердің тұрмыстық қажетін өтеуге деген партиямыз бен үкметіміздің күнбе-күнгі аталық қамқорлығының айқын сынаттамасы болып саналады.

Балалар яслиін ұйымдастыруға жеңіл-желпі қараушылыққа бұдан былай түзуге тіпті де болмайды. Сондықтан колхоз басшылары балалар яслиінің маңызын жете бағаламау сыяқты теріс әдеттен дереу арылып, бұл мәселемен жете шұғылданулары, ясли үшін арнаулы жарық, кең үйлерді бөлу, әрі, қажетті мебельдермен, ыдыс-аяқ, төсек-орынмен қамтамасыз етулері және балаларды тәрбиелеуге жас нәрестені күтуді жақсы көретін, икемді, сауаты бар адамдарды тағайындаулары қажет. Жергілікті Советтер мен колхоз партия ұйымдары бұл іске болып келген кемшіліктерді жоюда, балалар яслилерін ұйымдастырып, олардың біркелкі жұмыс істеуін қамтамасыз етуде колхоз басқармаларына тиісті көмек көрсетулері керек.

Балалар яслилерінде толық тәртіп, тазалық орнатылуға тиіс. Ауыл-селолық Совет қызметкерлері мен тазалық сақтау комиссиялары, жергілікті дәрігерлік қызметкерлер балалар яслилерінде жиі-жиі болып, онда тазалық сақтаудың, балаларды азықтандырудың, тәрбиелеудің жайымен танысып отырулары, балаларды ау-

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП

Орталық Комитетінде

Республиканың ауыл шаруашылығында социалистік жарысты кең өрістету туралы

Республиканың ауыл шаруашылығын онан сайын өркендету жөнінде партияның XIX съезінің директиваларын ойдағыдай орындау үшін Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттеріне, облыстық атқару комитеттеріне, аудандық атқару комитеттеріне және Қазақстанның кәсіподақтар Советіне колхоздар, совхоздар, МТС-тер, машина-малшаруашылық станциялары, орман шаруашылықтары, машина-экскаватор және машина-мелиорация станциялары, жер суару жүйелерінің басқармалары арасында ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, малды көбейту және оның өнімділігін арттыру жоспарын толық және асыра орындауды малды жемшөпшен қамтамасыз етуді, су шаруашылығы жұмыстарын жүргізуді, мемлекетке астық, мақта, қант қызылшасы, жүн, ет және егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының басқа өнімдерін тапсыру жоспарларын орындауды көздейтін социалистік жарысты кең өрістетуге жүргізуге міндеттеді.

Облыстық және аудандық партия комитеттеріне, Қазақстанның кәсіподақтар Советіне, Қазақстан ЛЕЖО Орталық Комитетіне социалистік жарысқа күнбе-күн басылық жасалуын қамтамасыз ету, алынған міндеттемелерді орындаудың ба-рысын үнемі бақылап отыру, бұл міндеттемелерді орындаудың барысын өзара тексеріп отыру, жарыстың барысын және

өзара тексерудің қорытындыларын трактор, егіс бригадаларындағы өндірістік кеңестерде, мал фермаларында, колхозшылардың, МТС, машина-малшаруашылық станциялары, машина-мелиорация станциялары, совхоздар, орман шаруашылықтары қызметкерлерінің жыйналыстарында талқылап отыру, бұл істегі табылған кемшіліктерді жоюға мезгілінде тиісті шаралар қолдану тапсырылды.

Алдыңғы қатарлы облыстарды, аудандарды, колхоздарды, МТС-терді, машина-малшаруашылық станцияларын, совхоздарды, орман шаруашылықтарын және социалистік жарыстың озаттарын ынталандыру үшін:

а) Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің 12 ауыспалы Қызыл Туы, оның ішінде облыстар үшін 1 ту, аудандар үшін 2 ту, МТС-тер үшін 3 ту, машина-малшаруашылық станциялары үшін 1 ту, совхоздар үшін 2 ту, орман шаруашылықтары үшін 1 ту, жер суару жүйелерінің басқармалары, құрылыс басқармалары, машина-экскаватор және машина-мелиорация станциялары үшін 2 ту белгіленсін;

б) алдыңғы қатарлы облыстар мен аудандарды енгізу үшін республикалық газеттерде; алдыңғы қатарлы аудандарды, колхоздарды, МТС-терді, машина-малшаруашылық станцияларын, совхоздарды, жөндеу заводтарын, машина-экскаватор станцияларын, орман шаруашылықтарын,

жер суару жүйелерінің басқармаларын, машина-мелиорация станцияларын және бұрғылау отрядтарын енгізу үшін облыстық газеттерде; алдыңғы қатарлы трактор және егін бригадаларын, мал фермаларын және ауыл шаруашылығының жеке озаттарын енгізу үшін аудандық газеттерде Құрмет Тақталары белгіленсін.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туларын беру және алдыңғы қатарлы облыстарды, аудандарды, МТС-терді машина-малшаруашылық станцияларын, совхоздарды, орман шаруашылықтарын, машина-экскаватор және машина-мелиорация станцияларын, жер суару жүйелері басқармаларының құрылыс басқармаларын және бұрғылау отрядтарын Құрмет Тақталарына енгізу шарттарын бекітті.

Республикалық, облыстық және аудандық газеттердің редакторларына, Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне социалистік жарыстың барысын, сол сыяқты, алдыңғы қатарлы облыстардың, аудандардың, колхоздардың, МТС-тердің, машина-малшаруашылық станцияларының, совхоздардың, орман шаруашылықтарының тәжірибесін газеттер мен радио арқылы кеңінен баяндап, социалистік жарысқа басылық етудегі және қабылданған социалистік міндеттемелерді орындаудағы кемшіліктерді сынап отыру тапсырылды.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туларын тапсыру және алдыңғы қатарлы облыстарды, аудандарды, колхоздарды, совхоздарды, МТС-терді, машина-малшаруашылық станцияларын, орман шаруашылықтарын, машина-экскаватор станцияларын, жер суару жүйелерінің басқармаларын және ирригация құрылыстарының басқармаларын Құрмет Тақталарына енгізу

Мал шаруашылығы

Озат малшылар

Булаев ауданындағы Сталин атындағы колхоздың озат мал өсірушілері қоғамдық мал шаруашылығын партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында көрсетілген міндеттер дәрежесінде өркендету жолында жанқиярлықпен еңбек етіп жүр.

Колхоздың озат колхозшылары қарамағындағы малды қыстан шығынсыз, күйлі алып шыққан еді. Көзір олар малды жайылы бағуды тыңғылықты ұйымдастыруда. Малды жайылымда бағуда жылқышы Қ. Сәрсенов жолдас үздік табыстарға жетуде. Ол қарамағындағы 21 биеден 21 құлын алып, оларды шығынсыз өсіріп келеді. Таңдаулы жылқышы жылқының жайылымын дұрыс пайдаланады. Жайылымдарға жылқыны мезгілімен шығарып, тойына оттауын қамтамасыз етіп отырады. Соның нәтижесінде оның қарамағындағы жылқылар күйлі өсірілуде.

Жас бақташы С. Жұсыпов жолдасы қарамағында 47 сауын сыйыр бар. Ол сыйырларды жайылымдарда жақсы бағалды. Сауын сыйырлардың күйлі өсіріліп, олардан сүттің көп алынуына ерекше көңіл бөледі.

Сыйыр саууда сауыншылар жоғары көрсеткіштерге жетуде. З. Жакина, Р. Оспанова жолдасар колхоздың таңдаулы сауыншылары болып саналады. Бұлар үстіміздегі жылы сыйыр саууда үздік табыстарға жетуге міндеттенген болатын. Сауыншыларол міндеттемелеріне сай еңбек етуде. Олардың ерқайсысы қарамағындағы сауын сыйырлардан бір-бір бузау алып, оны шығынсыз өсіруге жетісті. Мұнымен бірге олар сүт дайындау графигін де мінсіз орындап келеді.

Бұл күндері колхоздың алдыңғы қатарлы малшылары еңбек өнімділігін еселеп арттырып, мал шаруашылығындағы табыстарын молайта түсуде.

М. ЗАҒЫПАРОВ.

Мал қоралары салында

хозының басқармасы көктемгі дала жұмыстары басталысымен- ақ колхозда балалар яслин ұйымдастырды. Ол өте жақсы жабықталған. Өрбір балаға жеке кровать қойылып, төсек- орынмен қамтамасыз етілген. Балаларға тәтті тамақтар, ыстық ас беріледі. Балалар яслинің меңгерушісі Бенекая жолдас балаларды өте жақсы күтеді.

«Сталин жолы» (Преснов ауданы) колхозының басқармасы балалар ясли үшін үш бөлмелі жақсы үй, ауылшаруашылық азықтарын, түрлі мебельдер бөлген. Мұнда 20 бала тәрбиеленеді. Демек, 20 колхозшы әйел балаларын яслиде қалдырып, өздері колхоз өндірісінде қоғамдық еңбекке қатысады. Ал, Абай атындағы колхоз үстіміздегі жылы балалар яслин салуды ұйғарып, құрылыс жұмыстарына көп қаржы бөліп отыр.

Турақты және маусымдық балалар яслилері ашылған колхоздарда жас баласы бар әйелдер күн сайын жұмысқа уақытылы шығып, колхоз өндірісінде өнімді еңбек етіп жүр. Алайда, кейбір колхоздардың, ауыл- селолық Советтердің басшылары балалар яслинің маңызына жете мән бермей, оларды ұйымдастыру мәселесімен жете шұғылданбай келеді. Мысалға Октябрь ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы», Приешім ауданындағы «Босандық», Аманкелді атындағы, «Талапкер», Преснов ауданындағы «Баян» колхоздарын алайық. Аталған колхоздардың бірде- бірінде маусымдық балалар яслилері әлі күнге ұйымдастырылмаған. Сондықтан жас баласы бар әйелдер жұмысқа кеш шығады, жұмысты тастап ерте кетіп қалады. Сөйтіп, күндік тапсырмаларды орындай алмайды.

Ленин атындағы колхоз Октябрь ауданы

рыс тәрбиелеу, тазалық сақтау мәселелері жөнінде ясли қызметкерлеріне кеңес беріп, көмек көрсетіп тұрулары керек.

Кейбір жерлерде яслиге бөлінген азық- түлікті, түрлі заттарды талан- таражға салу фактілері жоқ деуге болмайды. Мәселен, Қызыл балалар яслинің асбасшысы П. Коровина балаларға деген азық- түлікті ұрлап, қыстай яслидің отынымен пайдаланып келген. Ал, ясли меңгерушісі Пеномаренко жолдас мұны көрсе де көрмегенге салынған.

Балалар яслилерінің міндеті—бар мүмкіншілікті пайдалана отырып, бала тәрбиелеу жұмысын бүгінгі күннің талабына сай жүргізу болып саналады.

Тұтынушылар одақтары балалар яслилеріне бөлінген азық-түліктердің, басқа да түрлі заттар мен ойыншықтардың дер- кезінде жеткілікті мөлшерде жөнелтіліп отырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Жергілікті партия, совет ұйымдары тарапынан балалар яслилерін ұйымдастыру және олардың біржелкі жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті көмек көрсетілуге тиіс.

Колхоз құрылысы ауыл-селода денсаулық сақтау ісін жақсартуға, балалар яслилерін ұйымдастыруға қажетті жағдай туғызды. Бұл зор қажырлық үшін өздерінің партиямыз бен үкметімізге зор борышты екендігін жете түсінген колхозшы әйелдердің бұдан былай да колхоз өндірісінде жанаямай еңбек ететіндігі күмәнсіз.

Балалар яслилері ана-әйелдердің қоғамдық еңбекке белсене қатысып, егін далаларында, мал фермаларында алаңсыз еңбек етуіне толық жағдай туғызады дедік. Олай болса, әрбір колхозда балалар яслилерін ұйымдастырып, олардың ойдағыдай жұмыс істеуін қамтамасыз етейік.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Тулары алдыңғы қатарлы облыстарға, аудандарға, МТС-терге, машина-машпаруашылық станцияларына, машина-мелиорация станцияларына және совхоздарға жылына төрт рет мынадай мерзімдер бойынша, неғұрлым жақсы табыстары үшін беріледі.

Бірінші мерзім — 1 июнде — көктемгі егіске уақытылы әзірленгені және оны жақсы өткізгені, әрбір жоспарланған дақылды егу жоспарын орындағаны, су шаруашылығы жұмыстарының жоспарын орындағаны үшін, мал қыстатуды, мал төлетуді жақсы өткізгені үшін, бұл мемлекетке ауыл шаруашылығының өнімін тапсырудың белгіленген тапсырмаларын сөзсіз орындаған жағдайда беріледі.

Екінші мерзім — 20 июнде — мал шаруашылығын өркендетудің 1953 жылдың бірінші жартысындағы қорытындылары үшін, қой қыркуды өткізгені үшін, шөп шабу және жемшөп сүрлеу, пар жыртылған жерді күту және ауылшаруашылық дақылдарын баптау жұмысындағы жақсы табыстары үшін, ауыспалы егісті меңгеру жоспарын орындағаны, су шаруашылығы жұмыстарын орындағаны үшін, егін жыйнауға әзірліктегі, мал қораларын салудағы жақсы табыстары үшін, бұл

Жарыстың озаттарын Құрмет Тақталарына енгізу

Жарыстың озаттары облыстар мен аудандардың, колхоздардың, МТС-тердің, машина-машпаруашылық станцияларын, машина-мелиорация станцияларының, орман шаруашылықтарының озаттарын, совхоздардың, МТС-тердің, жер суару жүйелерінің республикалық, облыстық және аудандық Құрмет Тақталарына, өндірістегі және мал шаруашылығындағы жұмыстардың аса маңызды түрлеріндегі (пар жырту, жемшөп дайындау, егін жыйнау, мемлекетке егін шаруашылығының және мал шаруашылығының өнімін тапсыру,

мемлекетке ауыл шаруашылығының өнімін тапсырудың белгіленген тапсырмаларын сөзсіз орындаған жағдайда беріледі.

Үшінші мерзім — 1 ноябрде — ауылшаруашылық дақылдарын жыйнағаны және тұқым құйғаны, күздік егіс, зыб жырту, аңызды сыдыра жырту жоспарларын орындағаны, мал қораларын салу жоспарын орындағаны үшін, мал қыстатуға әзірліктегі жақсы табыстары үшін, су шаруашылығы жоспарының жоспарын орындағаны үшін, бұл мемлекетке ауыл шаруашылығының өнімін тапсыру тапсырмаларын сөзсіз орындаған жағдайда беріледі.

Төртінші мерзім — 1954 жылғы 20 январьда — ауылшаруашылық жылының нәтижелері бойынша: ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы жоспарын орындағаны үшін, мал шаруашылығын өркендетудің және оның өнімділігін арттырудың мемлекеттік жоспарын, мал қораларын салу және мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жоспарын орындағаны үшін, мал қыстатуды жақсы ұйымдастырғаны, су шаруашылығы жұмыстарының жылдық жоспарын орындағаны үшін және мемлекетке ауыл шаруашылығының өнімін тапсыру жоспарларын сөзсіз орындағаны үшін беріледі.

Жарыстың озаттарын Құрмет Тақталарына енгізу

не аудандық Құрмет Тақталарына, өндірістегі және мал шаруашылығындағы жұмыстардың аса маңызды түрлеріндегі (пар жырту, жемшөп дайындау, егін жыйнау, мемлекетке егін шаруашылығының және мал шаруашылығының өнімін тапсыру,

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туы жер суару жүйелерінің, құрылыстардың басқармаларына, машина-экскаватор және машина-мелиорация станцияларына жылына төрт рет, су шаруашылығы жұмыстарының өндіріс жоспарларын жақсы орындағаны, жұмыстың өзіндік құнын кеміткені және еңбек өнімділігін арттырғаны, жұмыстағы механикаландырылған, ирригация жұмыстарының жұмыс көлемінің коэффициентін арттырғаны үшін және егін суарғанда суды жақсы пайдаланғаны үшін беріледі.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туы алдыңғы қатарлы орман шаруашылықтарына әрбір тоқсан сайын, еңбек өнімділігін арттырудағы жақсы табыстары үшін, жұмыстардың өзіндік құнын кеміткені және өндіріс жоспарларын орындағаны үшін беріледі.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Тулары жарыстың озаттарына облыстық атқару комитеттерінің және облыстық партия комитеттерінің, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің ұсынуы бойынша беріледі.

Жарыстың озаттарын Құрмет Тақталарына енгізу

тағы басқалары) жақсы табыстары үшін енгізіледі.

Алдыңғы қатарлы облыстар мен аудандарды республикалық Құрмет Тақтасына Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі ұсынады.

өнімінің артуы бір жағынан жемшөппен қамтамасыз етуге байланысты болса, екінші жағынан оның жылы қоралармен толық қамтамасыз етілуіне де байланысты. Мұны жете түсінген Полудень ауданының алдыңғы қатарлы колхоздарында мал қораларын салу, бұрынғы мал қораларын жөндеу жұмыстары қызу қолға алынды. Ол колхоздарда қажетті құрылыс материалдары күнілгері дайындалған болатын.

Буденный атындағы колхозда быйыл ірі қарамал қорасын, атқорасын және қойқорасын, бір құс үйін салу жоспарланған-ды. Кәзір мұнда құрамында 40 адамы бар екі тұрақты құрылыс бригадасы ұйымдастырылып, жұмыс істеп жатыр. Колхоз басқармасы құрылыс жұмыстарын басқару үшін арнаулы мамандығы бар М. Новиков жолдасты белгіледі. Құрылыс жұмыстары екі бригадада да қызу жүргізілуде. Бригада мүшелері социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, күндік тапсырмаларын аброймен орындауда.

Сол сияқты, аудандағы «Путь Ильича» колхозының мүшелері де қоғамдық мал басын көбейту, оның өнімділігін еселеп арттыру мақсатымен мал қораларын салу, жөндеу жұмыстарын быйыл ерте бастады. Мұнда құрамында 23 адамы бар тұрақты құрылыс бригадасы жұмыс істейді. Оның 13-і ағаш шебері, 10- кірпіш құюшы. Мұнда қой қорасын салу қолға алынды.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

Мақсат—мал басын және оның өнімділігін көбейту

Преснов ауданындағы Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жолында тынбай еңбек етіп келеді.

Колхозшылар малды жайып бағуда станхановтық еңбектің үлгісін көрсетіп жүр. Солардың бірі—К. Миллер жолдас. Ол ірі қарамал фермасының бақташысы. Оның қарамағында 54 торпақ бар.

К. Миллер қыс болсын, жаз болсын малға күтімді зоотехникалық ережелерге сай жүргізеді. Осының нәтижесінде ол бағып күтетін 54 торпақ қыстан шығынсыз, күйлі шығарылған-ды. Озат малшы малды жайып бағуды да үлгілі ұйымдастырды. Кәзір ол торпақтарды жайылымда бағады.

Сол сияқты Н. Ермакова, А. Петренева жолдастар да өздерінің үлгілі ісімен көзге түсулі. Бұлар—товарлы-сүт фермасының озат сауыншылары. Олар қарамағындағы сауын сыйырлардан 73 бұзау алып, оларды шығынсыз өсіре білді. Аталған сауыншылар бірінші тоқсанда сүт сауу жоспарын ойдағыдай орындап шықты.

Озат малшылар қол жеткенге масаттанбайды. Олардың мақсаты—адағы уақытта да мал басын көбейтіп, оның өнімділігін еселеп арттыра беру.

ЖАНТІЛЕУОВ.



ТБИЛИСИ. Грузин ССР-нің үкмет үйі. Суретті түсірген М. Квирикашвили.

(СОТА-ның фотохроникасы).

Бағалы жемшөптік дақыл

Алматы облысының Іле ауданындағы «Комсомол» колхозының ауылшаруашылық мәдениет үйі жаңа жемшөптік дақыл—кроталария өсіруде. Осы бағалы жемшөптік өсімдік бір жазда гектарынан он тоннаға дейін шөп береді, ал тұқымдық участоктерден 30 центнерге дейін тұқым алынады. Оның үстіне кроталария топырақты азоттық заттармен жақсы байытып, дәнді, техникалық дақылдар егуге қолайлы жер болып табылады.

Колхоздың тәжірибешілері Совет Одағының барлық түкпірлерінен осы дақылды өсірудің агротехникасы жөнінде жазып, оның тұқымын жіберуді өтінген ондаған хаттар алды. Жақын арада колхоз Эстон ССР-не, Ульянов, Москва, Батыс Қазақстан облыстарына және еліміздің басқа да бірсыпыра пункттеріне тұқым жөнелтті.

Алматы облысының Іле ауданындағы «Қызыл ту» және «Қызыл қайрат» ауылшаруашылық артельдері де кроталарияның тұқымын алды. 6 майда бұл колхоздар осы дақылды егуді аяқтады. (ҚазТАГ).

Шопан—ғалымның ассистенті

ҚАЗАЛЫ. (Қызылорда облысы). (ҚазТАГ). Салалы жүнді қой отары шағын көлдің жиегіне жыйналды. Бұл—Қазақ ССР Ғылым академиясының экспериментальдық биология институтының Қазалы қой совхозындағы малшылармен ынтымақтаса отырып, өсіріп шығарған қой тұқымының жаңа тобы.

Бұдан он жыл бұрын Ақтөбе даласынан осы жерге, Арал бойына құйрықты қой мен прикос қойдың буданы айдап әкелінді. Бұл ірі денелі, төзімді, жемшөпті талғамайтын қой болатын. Бірақ, олардан қырқылған жүн екі килограмнан артпады. Бірнеше жылдар бойы осы қой совет меринос қойымен будандастырылды. Одан туған бұдан қойлардың Грозныйдың биязы жүнді қошқарлармен шағылыстырылады. Бұл жақсы нәтиже

АТА-АНАЛАР ЛЕКТОРИЙЛЕРІ

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Мартөк ауданындағы Зайсан орта мектебіндегі ата-аналар лекторийі ашылды. Оқытушы Есжанов жолдас ата-аналар үшін коммунизмнің ұлы құрылыстары туралы лекция оқып берді. Кәзір облыстың барлық орта мектеп-

берді. Арал бойындағы биязы жүнді қой жыл тәулігі бойы жайылымда бағылғанда бес килограммға дейін жүн беретін болды.

Бұл табыста шопан Құрманбай Бибітовтың зор еңбегі бар. Ғылыми нұсқауларды бұлжытпай орындап, өзінің орасан бай тәжірибесін пайдалана отырып, қарт шопан қойдың жаңа тұқымын өсіру жөніндегі жұмыстардың жетекшісі—ауылшаруашылық ғылымының кандидаты В. А. Маллицкийге көп көмек көрсетті.

Кәзір Бибітов жолдастың отарында қой қоздау маусымы аяқталды. Өрбір жүз саулықтан 140 қозы алынды. Көршілес колхоздардың малшыларынан құралған делегациялар Құрманбай Бибітовте жиі-жиі қонақта болып тұрады.

терінде ата-аналар лекторийлері жұмыс істеуде. Лекторлар партияның XIX съезінің тарихи қарарларын, И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегін кеңінен насихаттауда.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Партия ұйымдарының басшылығымен

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің IV пленумы партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарын көктемгі егіс жұмыстарын қысқа мерзімде, агротехникалық ережелерге сәйкес өткізуге, социалистік жарысқа басшылықты жақсартуға, бригадаларда партиялық-саяси жұмыстарды кеңінен өрістетуге міндеттеді.

Осындай жауапты міндетті Совет ауданындағы Сталин атындағы колхоздың партия ұйымы қалай орындады?

Дала жұмыстары басталмастан бұрын партия ұйымының жыйналысында көктемгі егісті тез аяқтау үшін колхозшылар арасында еңбек ұйымдастыру ісін жақсарту жөнінде мәселе талқыланды. Партия ұйымы осы жыйналыста әрбір коммунисті және комсомолецті бригадаларға бөліп, олардан жұмыстың қызу қарқынмен жүргізілуін қамтамасыз етуді талап етті.

Егіншілер арасындағы социалистік жарыс кең өріс алды. Партия ұйымының секретары Михаил Чуприн жолдас өзі тұқым себуде жұмыс істеді. Ол саябаққа тұқымды жүріп бара жатқанда салуды ұйымдастырып, агрегаттың өнімді жұмыс істеуіне зор үлес қосты. Чуприн жолдас тракторшы Цымерманның сменалық жұмыс тапсырмаларын 115—120 процент орындауына көмектесті.

Коммунист Давыденко жолдасының басқаруындағы егіс бригадасының мүшелері № 13 трактор бригадасын қажетті күш көліктерімен қамтамасыз етіп отырды. Бұл екі бригада жұмысты өзара ынтымалдастыртып жүргізудің нәтижесінде егіс жұмыстарының күнделік, бескүндік тапсырмаларын үнемі артығымен орындауға жетісті.

Коммунистердің іс үлгісімен тракторшы-комсомолецтар П. Гупалов, П. Бураченко, В. Шилин жолдастар қажырлы еңбек етті. Олар тұқым себуде және жер жыртыда сменалық тапсырмаларын біржарым есеге дейін орындап отырды.

Партия ұйымы колхозшылардың социалистік жарысын ұйымдастырып, жарыс-

тың қорытындысын бригаданың өндірістік жыйналыстарында талқылауды әдетке айналдырды. Әрбір бригадада қабырға газеттері және жауынгерлік листоктер шығарылып, онда алдыңғы қатарлылардың іс тәжірибелері мен жұмыстағы кемшіліктері жазылды. Мұның бәрі егіс жұмыстарында озаттардың қатары көбейе түсуін қамтамасыз етті.

Партиялық-саяси жұмыстың осындай кең өріс алуы колхозшылардың өндірістік табыстарға ие болуын қамтамасыз етті. Колхоз егіс жұмыстарын 15 жұмыс күні ішінде сапалы аяқтап шықты.

Осы сияқты, «Северный берег» колхозының партия ұйымы да көктемгі егісте партиялық басшылықты ойдағыдай жүргізді. Мұнда коммунистер егіс жұмыстарының шешуші участоктеріне дұрыс бөлінді.

Жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін немесе түскі үзіліс кезінде бригадаларда партия жыйналыстары өткізіліп тұрды. Бұл жыйналыстарда егіс жұмысында орын алған кейбір кемшіліктер қатты сынға алынды. Сөйтіп, жыйналыстың егіс жұмыстарын әрі тез, әрі сапалы аяқтау үшін зор маңызы болды.

Бұл партия ұйымдары саяси үгітке көп көңіл бөледі. Партия ұйымының секретарьлары Чуприн және Кошеленко жолдастар басқарған үгіт коллективтері колхозшылармен күн сайын әңгімелер өткізіп, оларды өнімді еңбек етуге жігерлендіріп отырды.

Аталған колхоздың колхозшылары пар жұрту жоспарын толық орындауға, егісті баптан күту, мал азығын дайындау жұмыстарын үлгілі өткізуге міндеттеніп отыр. Партия ұйымдарының басшылығымен аталған колхоздардың колхозшылары алған міндеттемелерін орындау жолында қажырлылықпен еңбек ететіндігі сөзсіз.

В. ЗИНОВЬЕВ,

Совет аудандық «Социалистический труд» газетінің редакторы.

Үгіт коллективі

Преснов ауданындағы Молотов атындағы колхоздың партия ұйымы (секретары Давыдов жолдас) колхозшылар арасындағы үгіт-бақаралық, саяси-тәрбие жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастырып, оның табысты болуына жетісуде.

Үгіт коллективінің жетекшісі Давыдов жолдас әрбір бес күн сайын үгітшілердің кеңесін өткізіп тұрады. Егіс жұмыстары кезінде үгітшілердің 6 рет кеңесі өтті. Бұл кеңестерде үгітші Соломаха, Степаненко, Хвостей, Птицина жолдастарының

әсерлі ұйымдастыруларын, егіншілердің өндірістік белсенділіктерін арттыруы қамтамасыз етті. Апрель, май айларында үгітшілер егіс бригадалары мен мал фермаларында 217 рет әңгіме өткізді, 31 жауынгерлік листок, 3 рет сәуалді газет шығарды. Үгітшілер Степаненко, Худина, Хвостей, Бахмат, Птицина және тағы басқалары озат механизаторлар мен колхозшылардың тәжірибелерін кеңінен таратып отырады.



Булаев орта мектебінің оқушы балалары мен қыздары мектеп жанындағы алаңда үлкен жұмыстар жүргізуде. Олар өздерінің бақшаларына көптеген әртүрлі жеміс ағаштарын отырғызды.
СУРЕТТЕ: 6-класстың жас натуралистері (солдан оңға қарай) Н. Қалабаева, Л. Иванов және В. Новикова отырғызылған ағаштарды күтіп жүр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Колхозшылардың мәдени тілегі тыңғылықты өтелсін

(Тілші хаттарына шолу)

Әл-ауқат және мәдениет дәрежесі үздіксіз өсіп отырған ауыл-село еңбекшілерінің советтік искусствоға деген сүйіспеншілігі, жаңа кинофильмдер көруге деген ынтасы күн санап арта түсіп отыр.

Алайда, облысымыздың бірқатар аудандық киноландыру бөлімдері мен кино қызметкерлері кино көрсету жөнінде еңбекшілердің тілегіне сай жұмыс істей алмай келеді. Бұған Ленин аудандық киноландыру бөлімінің жұмысы толық дәлел болады.

Осы аудандағы ауыл-село тілшілері Ю. Қожағалиева, Р. Аманжолов, Қ. Қалиев, О. Шахметов жолдастар редакцияға жазған хаттарында былай дейді:

— Аудандық киноландыру бөлімі ай сайын әрбір колхозда екі рет кино көрсетуге тиіс еді, бірақ колхоздарға кино өте сирек келеді. Жылжымалы кино келгеннің өзінде фильмдер сапалы көрсетілмейді. «Бұлақ», Калинин атындағы, «Орталық» колхоздары колхозшыларының кино көрмегеніне бірнеше ай болды.

Ауыл-село тілшілерінен редакцияға түскен хаттардан Преснов, Мамлют, Пришеш, Совет аудандарында да кино көрсету ісінде елеулі кемшіліктерге жол беріліп келгендігін айқын көруге болады.

— Аманкелді атындағы колхоздың колхозшылары, — деп жазады тілші Ю. Әбдірахманов жолдас (Преснов ауданы) соңғы екі жылдың ішінде екі-ақ рет кино көрді. Киноландыру бөлімінің басшылары киномеханиктердің жұмысын бақылап отырмайды.

Осы ауданнан тілші Ә. Әбідов жол-

дас Киров атындағы колхозға да жылжымалы кинолардың өте-өте сирек келетіндігін, колхозға келгеннің өзінде кинофильмдерді сапасыз көрсететіндігін жазады.

Мамлют ауданындағы «Завет Ильича» колхозындағы, — дейді Қ. Ыбраев жолдас, — төртінші бригаданың мүшелерін мәдениетті қамтуды не колхоз басшылары, не аудандық мәдени-ағарту және киноландыру бөлімдері ескермей келеді. Бұл бригадаға осы жылғы 12 январьда жылжымалы кино келген болатын. Содан бері аудандық киноландыру бөлімі бізге жылжымалы кино жіберуді ескермей-ақ қойды.

Совет ауданындағы тілшілеріміз Ғұбайдуллин, С. Ахметжанов, Х. Құсайынов жолдастар «Еркіндік», Молотов атындағы, Аманкелді атындағы колхоздарға аудандық киноландыру бөлімінің жылжымалы киноларды өте сирек жіберетіндігін жазады.

Редакцияға түскен хаттардан ауыл-селоларда кино көрсетудің нашар болуына ең алдымен аудандық киноландыру бөлімдері басшыларының кінәлі екендігін, бақылаудың жоқтығын пайдаланып киномеханиктерінің өз жұмыстарына жауапсыз қарайтындығы басты себеп болып отырғандығын көруге болады.

Облыстық киноландыру бөлімі аудандық киноландыру бөлімдерінің жұмысында болып келген мұндай кемшіліктерді жоюдың шұғыл шараларын белгілеулері керек.

Венада дәрігерлердің Халықаралық конгресінің ашылуы

ВЕНА, 23 май. (СОТА). Бүгін Венада дәрігерлердің Халықаралық конгресі ашылды. Оның мақсаты кәзіргі замандағы тұрмыс жағдайын және оның халықтың денсаулығына тигізіп отырған ықпалын зерттеу болып табылады. Конгреске Франциядан, Италиядан, Англиядан, Совет Одағынан, Германиядан, Қытайдан, Бельгиядан, Алжирдан, Польшадан, Бразилиядан, Чехословакиядан, Жапониядан, Болгариядан, Австриядан және басқа елдерден 200-ге жуық медицина ғылымының көрнекті қайраткерлері келді.

Конгрестің күн тәртібінде мына мәселелер қаралмақшы:

1. Тұрмыс жағдайының халық денсаулығына әсері.

2. Соғыстың халықтың психиялық және тән денсаулығына әсері.

3. Жоғарыда көрсетілген мәселелерге сәйкес медицина қайраткерлерінің бо-рышы.

Конгресте барлығы оннан астам баяндама тыңдалатын болады.

Қысқаша сөз сөйлеп, конгрестің конгрестің құрметті председателі Вена университетінің невро-психиатриялық клиникасының профессоры Стронский ашты.

Кореядағы оқығалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 24 май. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі бүгін барлық майдандарда өткен кү-

ні шамалы ұрыстар болды деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері дұшпанның 2 самолетін атып түсіріп, 6 самолетін зияндады.

Американ авиациясының Кореяның бейбіт қалалары мен селоларына шабуыл жасауы

ПХЕНЬЯН, 23 май. (СОТА). Американ авиациясы Солтүстік Хамген провинциясының селолық аудандарын әлі де бомбалауға ұшыратуда. Кореяның Орталық телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, 19 майда американ самолеттері Ехда және Хватэ деревняла-

рына шабуыл жасап, оларға 200-ге жуық бомбалар тастаған. Сол күні жоғарыда аталған деревнялар американ самолеттерінің пулеметтерден оқ боратуына ұшырады. 20 майда Кимчак қаласы мен оның төңіректерін американ самолеттері аюандықпен бомбалады.

Батыс Берлиндегі соғыс әзірліктері туралы „Нейес Дейчланд“ газетінің хабары

БЕРЛИН, 24 май. (СОТА). Батыс Берлиндегі соғыс әзірліктері туралы «Нейес Дейчланд» газеті хабар жариялады. Газет қаланың батыс секторларында тарихта кәзіргідей ешқашан мұншалықты көп казармалар мен оқ-дәрі қоймалары Берлинде болған емес деп жазады. Батыс Берлиннің өкмет орындары соғыс әзірлігіне керек шығындарды халықтың мойнына жүзтеді. Воин министрi Шеффердің бундестагта жасаған мәлімдемесіне қарағанда, Батыс Германия мен Батыс Берлинде әрбір екі марканың бірі ремилиитарландыру қажетіне жұмсалады.

«Нейес Дейчланд» Грюневельдтегі бетоннан құйылып салынған американ тас жолының құрылысына шығарылған қаражатқа екі бөлмелі 250 пәтер ұй салуға болар еді деп хабарлайды. Тек қана оккупацияшыл американ әскерлері Батыс Берлинде 6 казармаға орналас-

сында американ әскерлерімен бірге батыс герман малайларының да әскері бөлімдері орналасқан.

Мұнан әрі газет оккупацияшыл ағылшын әскерлерінің көптеген казармалары Шпандауға орналасқандығын атап көрсетеді. Рейнинкендорф ауданындағы Шпандауэрветегі Батыс Берлиннің ең үлкен казармаларына оккупацияшыл француз әскерлері орналасқан.

Халқы көп аудандарға жақын салынған барлық казармалардың жанында оқ-дәрі және жарылғыш заттардың көптеген үлкен қоймалары бар деп жазады газет.

Мұнан әрі «Нейес Дейчланд» Батыс Берлинде өткізілген соғыс маневрлерінің нәтижесінде халыққа заттай орасан зиян келтірілгендігін атап көрсетеді.

Өткен айда ағылшын әскерлерінің Грюневельдте өткізген маневрлері кезінде үлкен өрттер шығып, Ростенфен ко-

жұмыс тәжірибелері ортаға салынды. Сонымен қатар, «Үгітші — бригадала еңбек тәртібін нығайту жолындағы күрескер», «Үгітші — көктемгі егіс кезіндегі социалистік жарыстың ұйымдастырушысы», «Әңгімеге газетті қалай пайдалану керек» және тағы басқа осы сыяқты мәселелер талқыланды. Әрбір кейесте колхоз председатели Белогоуб немесе колхоз партия ұйымының секретары Давыдов жолдастар колхоз бойынша немесе әрбір бригадаладағы егіс жұмыстарының барысы туралы баяндап отырды.

Партия ұйымы көктемгі егіс кезінде колхозшылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстың жайы жөнінде партия жыйналысында екі рет, партия бюросының мәжілісінде үш рет мәселе қарады. Онда трактор және егіс бригадаларындағы саяси үгіттің барысына қорытындылар жасалды.

Мұның бәрі үгітшілердің саяси үгітті

бақов жолда) мүшелері колхоз егіншілеріне 3 рет лекция оқып, 5 рет баяндада жасады. Лекциялардың тақырыбы: «Бейбітшілік соғысты жеңеді», «Советтік медицина ғылымы халық денсаулығы үшін қызмет етуде», «Хрестьян дінінің шығуы және оның таптық мәні» туралы.

Партия ұйымы колхозшылар арасындағы саяси үгітке үнемі осылайша көңіл бөліп келеді. Осының нәтижесінде колхоз көктемгі егіс жұмыстарын агротехникалық қысқа мерзімде ауданда бірінші болып аяқтады. Көзір пар жұрту жұмысы және шөп шабуға әзірлік қызу жүргізілуде.

Колхоз партия ұйымы көктемгі егіс кезіндегі саяси жұмыстың табыстарын баянды етіп, колхозшыларды артель шаруашылығын онан әрі нығайту күресіне жұмылдыра береді.

Н. ЫБРАЕВ.

Мәдениет және демалыс паркі ашылды

Демалыс күні қала еңбекшілерінің жазғы мәдениет орны — Мәдениет және демалыс паркі ашылды. Бұл күні парке халық өте көп жыйналып, түн ортасына дейін серуендеді — би биледі, миллиард ойнады, газет, журналдар оқып, мәдениетті тынықты.

Парктің іші көсемдердің, партия мен үкімет басшыларының, халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін Сталиндік сыйлықтың лауреаттарының, Социалистік Еңбек Ерлерінің,

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨМЕГІ

Октябрь ауданындағы Чапаев атындағы жетікылдық мектептің оқушылары колхозшыларға ағаш отырғызуда көп көмек көрсетті. Мұғалім Дайыровтың басқаруымен мектеп оқушылары төрт звеноға бөлініп, екі гектар жерге түрлі ағаш тұқымдарын отырғызды. Бұл күндері оқушылар осы отырғызған ағаштарды мезгілінде суарып, жақсы күтімде өсіруде.

М. СЫБАНБАЕВ.

облысымыздың алдыңғы қатарлыларының портреттерімен, диаграммалармен безендірілген. Сол сыяқты, паркте спорт алаңдары жабдықталған. Демалыс паркін ашуға дайындау мақсатына быйыл өте көп қаржы жұмсалды. Тек парктің ішін әсемдеу үшін ғана 150 мың сом қаржы жұмсалды.

Паркке жаңадан 11 мың сомның көркейткіш ағаштары отырғызылып, гүлдер егілді

Б. МАРЛИН.

ЖАҢА КІТАП МАГАЗИНИ

Жуырда Совет ауданының орталығы — Смирнов поселкесінде жаңа кітап магизині ашылды. Онда Марксизм-ленинизм классиктерінің шығармалары, көркем әдебиет және басқа көптеген кітаптар бар. Тек бір күннің ішінде магизин 2700 сомның кітабын сатты. Аудан жұртшылығы жаңа кітаптарды көптеп сатып алуда.

Бұл кезде молдалар өздерінің түрлі алымдарын да тіпті көбейтіп жібереді.

Сөйтіп, ислам дінінің басқа әдет-ғұрыптары сыяқты ораза да дінге сенген еңбекші бұқараны қанаушы таптардың үстемдігіне көндіру идеясын жақтап келді.

Ислам дінінің жыл сайын болатын ораза ұстау әдетінің осындай кертартпалық мәнін барлық елдердің қанаушы таптары өте жақсы түсінді. Сондықтан олар еңбекші бұқараның ислам дініне кіріп, оның әдет-ғұрыптарын бұлжытпай орындап отыруын жақсы көрді, бұл жөнінде молдалар мен ишандарға мейлінше жәрдемдесті.

Біздің Советтік Отанымыз социализмнен коммунизмнің толық жеңісіне қарай зор сеніммен алға басып бара жатқанда, ислам дінінің ораза ұстау сыяқты әдет-ғұрыптарының тигізетін заламы өте үлкен. Бұл адамның шаруашылығына да, денсаулығына да үлкен зиянды. Өйткені, ислам дінінің ораза кезінде қолданатын жабайы тәртіптерін бұлжытпай орындау үшін таңсәріден күн батқанға дейін нәр таппастан зарығып, ораза ұстаған адам әбден әлсірейді, денсаулығы нашарлайды. Ондай адамдар ешқандай қоғамдық еңбекпен айналыса алмас еді. Тіпті ораза ұстаушы адамның өз шаруашылығы да бұдан үлкен ақсайтыны сөзсіз.

Ислам дінінің «дүниені құдай жаратты», «дүние жүзіндегі өзгерістердің барлығы да құдайдың әмірімен болып жатады», «бұл дүниедегі аз күндік алданыш тұрмысқа қызықпау керек» деген сыяқты кертартпалық уағыздары рақат тұрмыс орнату жолында жанқиярлықпен еңбек етіп жатқан совет адам-

тардың бірі — ораза ұстау болып табылады.

Ислам дінбасылары ораза ұстаушы мұсылмандар үшін өте қиын жағдайлар ойлап шығарды. Ислам дінінің талабы бойынша, ораза ұстайтын адамдардың 30 күн бойына ертеңнен кешке дейін тамақ жеуге де, су ішуге де, моңшаға түсуге де, беті-қолын жууға да ешқандай еркі жоқ. Тіпті ораза ұстаған адамның ауызына байқаусызда жаңбырдың тамшысы немесе жауып тұрған қардың ұшқыны түсіп кетсе де, оразаның төртібі бұзылады, ол адам құдайға кұна жасаған болып шығады.

Ислам діні ораза ұстап жүрген кезде жаралы болған, немесе сырқаттанған адамға дорігерлік жәрдем көрсетуге де рұқсат етпейді. Ораза кезінде дәріні ішуге де, денедегі жараға жағуға да болмайды. Тіпті ораза үстінде иісті шөп, гүл піскеудің өзі де кұна болып есептеледі.

Қанаушы таптардың мүддесін жақтаған ислам дінінің өкілдері өте мөте ораза кезінде еңбекші мұсылмандарды тек құдайды ғана ойлауға шақырады: Олар өздерінің түрлі уағыздары арқылы дінге сенуші адамдарды қанаушы таптардың езгісіне көніп, олардың үстемдігіне қарсы бас көтермеуге, езілген еңбекші бұқараны қанаушы таптардың момын құлы болуға жетелейді.

Ораза кезінде молдалар өздерінің жалған уағыздарын тіпті күшейте түседі. Ораза ішінде жасаған құлшылықтың бәрі құдайға қабыл болады деген сылтаумен адамның басын айналдырып, еңбекші халықты мүлде енжар етеді.

қан. Вест-Линхтервельдтің «Ардан» центвертері Рузвельт «баракс» казарма-

рығы толық күйіп кеткен.

Чилиде ереуіл қозғалысы

МОНТЕВИДЕО. 24 май. (СОТА). Уругвайдың «Эль-панс» газеті Сантьяго, Вальпараисо және Консельсон қалаларындағы университеттердің 15 мың студенті өздерінің праволары үшін күресуші Чили университеті медициналық факультетінің бір ай бойына ереуіл жа-

саушы студенттеріне тілектестік білдіру ретінде ереуіл жариялаған.

Чилидің «Эль-Сигло» газетінің хабарына қарағанда, жақын күндерде Арауко провинциясындағы көмір шахталарының үш мың жұмысшысы жалақыны арттыруды талап етіп, 48 сағаттық ереуіл өткізген.

ФРАНЦУЗ САМОЛЕТТЕРІНІҢ ТАЙЛАНД ДЕРЕВНЯЛАРЫН АТҚЫЛАУЫ

ПАРИЖ, 23 май. (СОТА). Француз Пресс агенттігі Бангкоктан, француз самолеттерінің Тайланд деревняларын бомбалауына қарсы француз өкмет орындарына Тайланд өкметі ресми түрде наразылық білдіруге ниеттеніп отыр-

ғандығын хабарлайды. 10 майда Тайландтың Бануейкам деревнясы бомбалауға ұшырады. Басқа бір хабарда француз самолеттерінің Табо (Нонхай провинциясы) ауданындағы Такратин деревнясын бомбалағандығы, көптеген үйлердің зияндалғандығы айтылған.

«ЕВРОПА АРМИЯСЫ» ҮШІН ГИТЛЕРШІЛ «ЕРІКТІЛЕР»

КОПЕНГАГЕН, 23 май. (СОТА). «Берлингеке Тиденде» газетінің тілшісі Боннидан «Европа армиясы» деп аталатынның құрамына кіретін батыс герман армиясының тізімдеріне көзірдің өзінде-ақ 70 мыңнан астам «еріктілердің» еңгізілгендігін хабарлайды. Тілші армияға кіру туралы арыз берушілердің 80 проценті бұрынғы гитлершіл армияның әскери қызметкерлері екендігін хабарлайды.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖӘРМЕНКЕДЕГІ ОҚЫЙҒА»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«АДМИРАЛ УШАКОВ»

Сеанстар сағат 4-6-8-де басталады.

Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 92-үйде тұрушы Александр Ефимовна Павлова Петропавл қаласы Петренев көшесі, 145-үйде тұрушы Петр Александрович Павловтан айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 1-участоктік халық сотында қаралады.

Ғұсман АҚҚҰЛОВ.

(«Үгітші блокноты», № 10).

Ораза және оның кертартпалық мәні

Елімізде коммунистік қоғам орнатудың нақты міндеттері И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегі мен партияның XIX съезінің тарихи қарарларында өте айқын көрсетілді.

Социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтуде идеологиялық жұмыстың, әсіресе еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу ісінің маңызы зор. Өйткені «әркімнен қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай» дейтін формулаға көшу үшін, капитализм тұсында ауыр бейнет болған еңбекті қоғам мүшелерінің көз алдында өмірлік бірінші қажетке айналдырып, қоғамдық меншікті қоғамның өмір суруінің мызғымайтын және ешкім қол сұға алмайтын негізі деп еркін түсінетін дәрежеге жету үшін, ең алдымен қоғамды экономика және мәдениет жағынан қайта тәрбиелеу керек.

Еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу ісі адамдардың санасында өлі де болса кездесетін ескілік қалдықтарымен батыл күрес жүргізу мәселесіне тікелей байланысты.

Адамдардың санасындағы ескі дүниенің ең шірік қалдықтарының бір түрі — діншілдікке негізделген соқыр сенімдер мен нанымдар.

Ислам дінінің намаз оқу, құрбан шалу, құдайға құлшылық етудің нешетүрлі талаптарын орындау, жас балаларды сүндеттеу, әйелдерді кеміту, өлген адамдарға құран шығарту сыяқты діннің әдет-ғұрыптарымен қатар жыл сайын 30 күн ораза ұстау да — ғасырлар бойы адам санасын улап, тұншықтырып келген зиянды әдет.

Ислам діні оразаны құдайтағаланың өзі белгілеп берген деп нандырады. Ораза айы (рамазан) кезінде құдай өзінің арнаулы перішесі арқылы Мұхамбет пайғамбардың қолына құран тапсырған екен деген лақап таратып, исламға сенуші мұсылмандарға оразаны осылай әспеттейді.

Ал шынында ислам дінінің жарыққа шығуынан әлдеқайда бұрын ескі Аравия халықтарының ораза ұстағандығын дәлелдейтін тарихи документтер біздің заманымызға дейін сақталған. Мұның өзі ислам дінбасыларының дәріптеп келген оразасын ешқандай құдайдың белгілеп бермегенін айқын дәлелдейді.

Ораза ұстау салты ислам дініне дейін ескі Аравия халықтарының табиғаттың мылқау күштерімен күрестегі дәрменсіздігінен туған соқыр наным еді. Ал енді кейін келе, таптық қоғамның, адамды адамның қанауына негізделген қоғамның діні ретінде жарыққа шыққан ислам ескі Аравия халықтарының мұндай әдет-ғұрыптарына үстем таптардың мүддесіне ыңғайлы көптеген өзгерістер енгізді, оған діни сыйпат берді. Ораза исламның басқа ережелері сыяқты өздерінің өте ауыр тұрмыстарының мәнісін түсіне алмай және одан құтылудың жолын таба алмай торыққан еңбекші бұқараны қанауға жәрдемдесетін, феодалдар мен сәудегерлердің қолындағы бір құралға айналды.

Сонымен қанаушы таптардың үстемдігін қорғауды және оны нығайтуды көздейтін түрлі діни уағыздар арқылы дінге сенуші мұсылмандардың назарын басқа жаққа аударуға тырысатын нағыз барып тұрған кертартпалық әдет-ғұрып-